

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№1 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития

Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/QZXY9517>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/ASHQ5784>

***Ж. Т. Қобланов¹, А. О. Абдырова², Т. Ж. Тоқсанбаева³,
А. Т. Жеткізгенова³**

¹Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан Республикасы, Ақтау қ.;

²Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

³С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Қазақстан Республикасы, Астана қ.

*e-mail: koblanov64@mail.ru

XVII ҒАСЫР ФРАНЦУЗ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЖАН ЛАФОНТЕН МЫСАЛДАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Мақала француз әдебиетінің көрнекті өкілі Жан Лафонтеннің шығармаларының маңызын пайымдауға арналған. XVII ғасырдағы француз әдебиетіндегі мысал жанрының дамуы Жан Лафонтен мысалдары негізінде қарастырылады. Француз қаламгері сол дәуірде мысал жанрын жоғары даму сатысына көтергендігі, оның реалистік және демократиялық бағытының айқындығы нақты шығармалары арқылы талданады. Мысалдарының идеялық бағытын, кейіпкерлерді суреттеудегі қаламгер шеберлігін, өзіне тән ерекшеліктерін саралау арқылы сол кезең әдебиетіндегі жазушының өзіне тән қасиеттерін жоққа шығаратын, мысалдардағы халықшылдық рухқа және реалистік дамуға кедергі болған, табиғат пен адамның қадір-қасиетіне дұшпан, шынайы өмірді мойындамайтын діни-аскеттік саясатына қарсы сыни көзқарасты бағалауға талпыныс жасалады.

Мақалада Жан Лафонтен туындыларының негізгі табиғаты сипатталып, мысалдарының ерекшеліктері айтылады.

Қаламгер мысалдарындағы тақырып пен мазмұн және сыншыл көзқарастар талданады. Жан Лафонтен мысалдарының XVII ғасырдағы француз әдебиетіндегі орны, құрылымы, даму деңгейі

қарастырылады, олардың әрқайсысына сипаттама беріледі және қолдану әдістері сараланады.

Мақалада мысал жанрындағы адамгершілік, гуманизм мәселелері, қоғам келеңсіздіктері мен моральдық мәселелер көтеріледі. Мақалада сонымен қатар Жан Лафонтен шығармаларының өзінен кейінгі әдебиетке тигізген әсері де пайымдалған.

Кілтті сөздер: мысал жанры, әлеуметтік сатира, гуманистік идеялар, реалистік характер, классицизм эстетикасы.

Кіріспе

Мақаланың тақырыбының өзектілігі: XVII ғасырдағы француз әдебиетінің көрнекті өкілі Жан Лафонтен шығармашылығының негізгі табиғатын сипаттау.

Мақалада Жан Лафонтен мысалдары негізінде қаламгер шығармаларының ерекшеліктері қарастырылады. Мысалдардағы авторлық идеяға, реалистік, демократиялық бағытқа, халықшылдық рухқа назар аударылады.

Ғылыми маңыздылығы: Жан Лафонтен мысалдарының сол дәуір әдебиетіндегі маңыздылығын көрсетуге керекті көркемдік құралдарды қолданудың сипатын анықтайды.

Ғылыми жаңалығы: Жан Лафонтен мысалдарындағы тақырып пен мазмұн ерекшеліктері, діни-аскеттік саясатқа қарсы сыншыл көзқарастар талданады. Мысалдарының XVII ғасырдағы француз әдебиетіндегі орны анықталады, құрылымы, даму деңгейі қарастырылады, олардың әрқайсысына сипаттама беріледі және қолдану әдістері сараланады.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін әдебиет теориясы, әдебиет тарихы, әдебиет сыны негізіндегі материалдар құрайды.

Материалдар мен әдістері

Зерттеудің материалы ретінде жоғары кәсіби білім берудегі құзыреттілік көзқарасты, шетел тілдерін мәдениетаралық оқыту арқылы зерттеуге арналған отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері алынды. Мақаланы жазу барысында теориялық материалды жинау, мәтін талдау, саралау, салыстыру ж. т.б. әдіс-тәсілдер қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Қоғамдағы келеңсіздікті, барлық жаман қасиеттер мен теріс мінезді келемеждейтін, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетке ортақ болған аллегориялық формадағы мысал жанрының мәңгілік ізденісі адамгершілік, гуманизм мәселелері, қоғам келеңсіздіктері мен моральдық проблемалар екені даусыз.

Қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаушы А. Байтұрсынұлы мысал жанрының генезисіне, теориясына қатысты зерттеуін: «...алғашқы адамдар

басқа мақұлықтардан ұзап жарымаған. Олар түрлі табиғат, түрлі тәсілмен тіршілік ететіндерін көріп, олар да адамша ойлайды, сөйлеседі, кеңеседі деп білген. Осыдан барып хайуанаттар жайлы ертегілер шыққан», – деп өзінің құнды ғылыми тұжырымын жасады [1, 451].

Академик З. Қабдолов мысал жанры туралы: «Мысал – эпостық шығармалардың ішіндегі ең қысқа түрі. Әрқашан сатиралық сипатты, көбіне аң, хайуанат, кейде зат түрлері жазылады да сол арқылы адам бойындағы мін, әлеуметтік ортадағы кемшілік, күлкіге, келекеге, мазакқа айналдырып, сықақпен сыналады. Мазмұны бүкпелі болғанымен, идеясыз, астарсыз, ашық, тура, тілі мірдің оғындай өткір, шымшыма, шымыр келеді.

Ежелгі Грекиядағы аты шулы Эзоп (б.з.б. VI ғ.) шығармаларын өз алдына қойғанда, мысал көне дүниеден күні бүгінге дейін көбіне өлеңмен жазылып келеді: Италияда Федр, Францияда Лафонтен, Германияда Геллерт, Англияда Мур, Россияда Крылов, қазақта Абай – бәрі солай жазған. Біздің тұсымыздағы мысалшылардан Сергей Михалков пен Асқар Тоқмағамбетовті бөліп айтуға болады» [2, 312], – дейді.

Ғалым М. Иманғазин «Антика әдебиеті» атты еңбегінде: «Мысал – әріден келе жатқан, эпостың шағын да өткір жанры. Мысал жанры көне дәуірден біздің заманымызға дейінгі әлемнің іргелі ақын жазушыларының назарында болған, қызықты форма, ұғымды идея, халық тұрмысына ет жақын суреттеулерге толы әдеби жанр» [3, 251], – дейді.

«Ежелгі грек әдебиетінің тарихы» оқулығында С. И. Радциг: «Мысал – көне халық ауыз әдебиетінің жанры болып есептеледі. Себебі, мысалдардың мазмұнында хайуанаттар эпосының сарқыны сақталып қалған. Дегенмен тарихи тұрғыдан алғанда мысал жанры күнделікті өмірдегі келеңсіз жағдайлар мен адамгершілік, ізгілік мәселесін насихаттауға арналған» [4, 300].

Әу бастан мысал өлеңдер көне мұралардан бастау алары анық [5, 467].

Ертеде мысал өлеңдер шумер-бабыл әдебиетінде пайда болғандығын білеміз [6, 336].

Француз әдебиетінде «төменгі» сатыда болған осы байырғы жанрды қайта жаңғыртып, «жоғары» сатыға көтерген Жан де Лафонтен болды.

XVII ғасырдағы француз әдебиетінің көрнекті қаламгері, даңқты мысалшы Жан де Лафонтен Шато-Тъери қалашығында 1621 жылы майда шенеунік отбасында дүниеге келді. Алғаш қыстақ мектебінде, сосын колледжде оқыды. Негізгі білімі құқықтану саласы болғанымен, әдебиетке ерекше құмартады. Көне дүние (антикалық) және Қайта өрлеу дәуірі (ренессанс) қаламгерлерінің шығармаларын ынтамен оқиды.

Жан де Лафонтеннің әдеби қызметі кеш басталды. Ол Теренцийдің «Азбан құл» («Евнух») комедиясын отыз жасында қайта өңдейді. Бұл пьеса ақынның қалың жұртқа танылуы мен өсуіне жол ашты.

Жан де Лафонтен өз шығармашылығының алғашқы кезеңінде (1657–1663) аристократтық прециоз әдебиет ықпалында болды. Ол өзіне қамқоршылық жасаған министр Фукені мадақтайды. Грек мифологиясынан алған «Адонис» (1658) атты поэмасында Адонистің Венераға ғашықтығын жырға қосады.

Түрмеге қамалып, қызметінен қуылған Фукеге өз өлеңдері арқылы аяныш білдіргені үшін король Людовик XIV мен Кольбер (оның жаңа министрі) Лафонтенді ұнатпайды. Сондықтан 1663 жылы Лафонтенді Лимож қаласына сүргінге жібереді. Осы кезеңнен бастап Жан де Лафонтен шығармашылығында шұғыл бетбұрыс болады. Мольермен қатар тұрған ақын енді аристократтық прециоз әдебиеттен бас тартады, реалистік әдістерді игеріп, шынайы құнды туындылар жазуға кіріседі.

Жан де Лафонтеннің осы кезеңде (1664–1674) жазған туындылары шіркеу мен аристократтық дәстүрлерді ажуалайтын ертегі-өлеңдерді қамтиды. Он жыл ішінде ақын бес «Ертегілер» кітабын жазды [7, 84–86]. Халыққа жақын тұрған Жан де Лафонтен «Қожайын алдында күнаға батқан шаруа» атты новелласында жазықсыз жазаға ұшыраған шаруаны қорғап, феодалдық озбырлыққа жиіркенішін білдіреді.

Жан де Лафонтен «Ертегілерінде», Қайта өрлеу дәуірі романындағыдай, сатиралық сарындар бар, бірақ француз ақыны өзінің материалын нәзік ишара түрінде жаңартады, замандастарының сатиралық портреттерін жасайды және сол дәуірдегі судьялардың, дворяндардың, шіркеу қызметкерлерінің әдет-ғұрыптарын сипаттайды. Сонымен қатар «француз ақыны Ренессанс бейнелерін азайтып, Боккаччо кейіпкерлерін өз бойында күшті құмарпаздық пен жын-перілердің айла-амалдары бар ірі тұлғалардан «Ертегілеріндегідей» қарапайым адамдарға айналдырады» [8, 128]. Бірақ Жан де Лафонтеннің өлең ертегілері мазмұны мен әшкерелеуші күші тұрғысынан бірдей құнды емес. Төртінші кітап шіркеу мен билік өкілдеріне қарсы бағытталған өткір сатирасымен ерекшеленеді. Қаламгер тұрмыс қуаныштарын, қарапайым адам бақытын шіркеу танымына қарсы қояды. Мұндағы новеллалар мен ертегілердің көлемі өте ықшам, кейбіреулері бірнеше өлең жолдарынан ғана тұрады. Көптеген ертегілерінде (мысалы «Дәрігер Жанна») шіркеу қызметшілері әшкереленеді.

Министр Кольбер 1675 жылы «дін негіздеріне қарсы» деген сылтаумен ақын «Ертегілерінің» төртінші кітабын сатуға тыйым салады. Жан де Лафонтен ертегілері осыдан соң Голландияда басылып шығады. Туындылары корольдің жеке билігіне қарсы рухта жазылғандықтан министр мен король

Лафонтеннің француз академиясына сайлануына рұқсат бермейді. Министр Кольбер өлген соң, Жан де Лафонтен 1684 жылы ғана академияға мүше болып кіреді.

Жан де Лафонтен 1694 жылы мысалдарының он екінші кітабын баспадан шығарады. Егде тартқан ақынның бұл туындысында үмітсіздік көңіл-күйі сезілгенімен, кейбір мысалдарында («Екі теке») жеке биліктің күйреуге бет алғандығына ишарат анық байқалады. Қартайып, денсаулығы әбден нашарлаған Лафонтеннің бұдан соң шығармалар жазуға мүмкіндігі болмайды. Заманының озбырлығымен ымырасыз күрескен қайсар ақын 1695 жылы қайтыс болды.

Жан де Лафонтен өзінің мысалдарымен ерекше даңққа бөленді. Мысал жанры жеке билікке, сонымен қатар аристократтық озбырлыққа қарсы болған демократтық көзқарастағы топтардың наразылығын баяндауға қолайлы әрі түсінікті қару еді. Лафонтеннің халықшыл идеялары оның мысалдарында анық көрінеді. 1668 жылы қаламгер мысалдарының алғашқы алты кітабы, 1678–1679 жылдары соңғы бес кітабы жарияланды. Жан де Лафонтеннің мысалдары демократтық асқақ рухымен, сатиралық қуатының өткірлігімен, қарапайым халықтың арман-тілектерін бейнелеуімен талантты ақын шығармашылығының биік шыңына айналды. Эзоп өмір сүрген кезеңнен бері мысал «төменгі» сатыда тұрған халықтың топтардың мүддесін бейнелеп келген еді. Сол себепті де классицизм эстетикасы мысал жанрын көркем әдебиеттің ең төменгі түріне жатқызып келді. Классицизм теорияшысы Буало болса, Лафонтен шығармашылығы туралы өзінің «Поэзия өнері» еңбегінде бір ауыз сөз айтуға батылы да жетпеді. Ақын мысалдарының басым бөлігінде терең гуманистік идеялар мен реалистік көріністер өте мол. Жан де Лафонтеннің классицизм эстетикасының әдеби нормалары шеңберінен шығып, шынайы туындылар жазудағы шеберлігін «Отыншы мен ажал» мысалында айқын байқаймыз. Сондықтан Буало бұл мысалға наразылық танытып, оны қайта өндейді. Дегенмен Лафонтен қол жеткізген терең мазмұн мен көркемдік жетістікке қол жеткізе алмайды. Жан де Лафонтен мен Буало антик дүниедегі мысалшы Эзоптың бір сюжетінен пайдаланған (Тұрмыс тауқыметі мен еңбектен әбден қажыған отыншы шаруа, бұл дүниемен қоштасу үшін алдына жаналғыш Әзірейілді шақырады. Отыншыдан Әзірейіл қандай тілегің бар деп сұрағанда, қорқып кеткен шаруа жерде жатқан бір бума отынды көрсетіп, оны арқасына салуға көмектесіп жіберуін өтінеді).

Классицизм теорияшысы Буало өз мысалында кедей отыншы жайлы күлкілі ертегіні ғана баяндап береді. Кедей отыншының ауыр тұрмысына ашынбайды, оның кедейлігінің негізгі әлеуметтік себептеріне қызықпайды. Гуманист қаламгер Жан де Лафонтен болса бұл мысалға басқа қырынан қарайды. Отыншының жағдайына ашынады, бұл қарапайым кедей адамның

тауқыметін жеңу үшін үлкен сенім керек екендігін анық, ашық көрсетеді. Шаруаның кедейлігіне себеп болып отырған әлеуметтік озбырлықтарды, ол өмір сүріп жатқан қоғамдағы осындай індеттерді әшкерелеу бұл мысалдың негізгі идеясын құрайды.

Ақынның алғашқы кітабында да мұндай реалистік көріністерге бай мысалдар көп. Кітаптағы байлардың азғындығын әрекеттерін маскара қылған «Емен мен қамыс», буржуазияның сатқындығын, екіжүзділігін көрсеткен «Егеуқұйрықтар кеңесі», сарай арамтамақтарын, жатыпшішерлерді ажуалаған «Маса мен жел», әділетсіз, арсыз сотты сынаған «Маймылдар сотында түлкіге қарсы арызданған қасқыр», жеке биліктің залымдығын ишарат еткен «Ауру арыстан мен түлкі», шіркеу діндарлары мен дворяндардың оспадарлығын, жауыздықтарын әшкерелеген мысалдары назарға лайық. Дегенмен осы мысалдарда саяси-әлеуметтік мәселелерден гөрі тұрмыстық оқиғалардың көрінісі басым тұрады, көбінесе бұл оқиғалар абстракт жағдайда талданады. Әлеуметтік қарама-қайшылықтар адам мінезінде бұрыннан келе жатқан кемшіліктер ретінде көрсетіледі. «Қасқыр мен қозы» атты мысалдың мағынасы «әрқашан күшті хақ, әділ болып шығады» дейтін қорытындымен аяқталады.

Алғашқы мысалдарында арыстанның жауыздығы, жыртқыштығы арқылы жеке билеуші корольге ишарат жасалса, «Мысалдардың» екінші басылымындағы кітаптарында енді «хайуанаттар патшасы» озбырлықты, зұлымдықты, әділетсіздікті өз бойына жинақтаған монарх сипатында сатираның улы найзасына ілігеді. Арыстан мен оның айналасын қоршаған жыртқыш хайуанаттар арқылы ақын сарай жұрты мен корольді бейнелейді. Мысал мазмұнынан шығатын қорытынды да айқын, терең әлеуметтік мәнге ие болады.

«Жыртқыш хайуандар тайпасы» деген мысалда да зұлымдық пен жамандыққа бой алдырған король және оның қолдаушылары, сарай жұрты ажуаланады. Билік өкілдерінің өмірі озбырлыққа, зорлық-зомбылыққа негізделген, сондықтан олардан ешқашан жақсылық күтуге болмайды деген қорытынды мысалдың негізгі идеясын суреттейді.

Қаламгердің екінші жинағына енген мысалдарында әлеуметтік сатира күшейе түседі. Ақшаның шексіз билігі және оның апатты әсерін («Етікші мен саудагер»), соттың пасықтығын, жемқорлығын («Мысық, күшік және қоян»), шіркеу діндарлары мен король өкіметінің оспадар жауыздықтарын («Ана арыстанды жерлеу рәсімі», «Арыстан, қасқыр және түлкі», «Діндар мен мүрде») [9, 201] мысалдарында шеберлік әшкерелейді.

Жан де Лафонтеннің алғашқы жарық көрген мысалдарындағы көріністерге тән астарлы кекесін, ащы ажуа орнын 70-жылдардың аяғына қарай айқын, нақты әлеуметтік сатиралық, реалистік көріністер иелейді.

Хайуанаттардың аллегориялық бейнесі орнына енді адамдар образы пайда болады. Бұл жылдары қаламгер король Людовик XIV-тің басқыншылық, жаугершілік соғыстарын сынға алған және бейбіт өмірді, шығармашылық еңбекті ардақтаған терең мазмұнды, салиқалы мысалдар («Саудагер, дворян, бақташы және шахзада», «Дунайлық шаруа») жазу арқылы халық арасында үлкен даңққа бөленеді.

Қорытынды

Жан Лафонтен антикалық, орта ғасырлық және Қайта өрлеу дәуіріндегі мысал жанрының дәстүрлерін терең игеріп, оларға реалистік сипат пен сатиралық рух енгізеді, бұл жанрды жаңа көркемдік даму сатысына көтереді. Оның мысалдары өз дәуіріндегі саяси өмірді кең қамтуы және қарапайымдылығымен, озбырлық көрген еңбекші халықтың мүдделерін батыл қорғауымен де өте құнды. В. Г. Белинский И. Крыловтың мысалдары туралы жазған еңбегінде, «мысал көркемдік бояуы, өзіндік белгілері және характерлерімен кішігірім повесть яки драма болуы тиіс», - деп көрсеткен болатын [10,241]. Шындығында да Жан де Лафонтен міне, осындай шығармалар жазып, XVII ғасырдағы француз әдебиетін жалпы мысал жанрын дамытуға мол үлес қосты. Сол себепті де А. С. Пушкин француз өз туындыларында халқының рухани байлығын қорытындылаған Жан де Лафонтенді ұлы мысалшы сипатында орыс мысалшысы И. Крыловпен қатар қойып, өте жоғары бағалады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Байтұрсынов, А.** Шығармалары [Мәтін]. / Ахмет Байтұрсынұлы. – Алматы : «Өлке» баспасы, 2013. – 240 б.

2 **Қабдолов, З.** Сөз өнері [Мәтін]. – Алматы, 2002. – 312 б.

3 **Иманғазин, М. М.** Антика әдебиеті [Мәтін]. – Талдықорған, 2006. – 253 б.

4 **Радциг, С. И.** История древнегреческой литературы [Текст]. – М., 1974. – 420 с.

5 **Крылов, И. А.** Полное собрание сочинений [Текст]. – М. : Гос. Изд-во худож. Лит., 2008.

6 **Sir James Frazer.** The golden bough : A study in Magic an Religion [Text]. – London : Macmillan and Co, 2001. – 756 p.

7 **Ермоленко, Г. Н.** Традиции Возрождения в «Сказках» Ж. Де Лафонтена [Текст]. / Серия «Symposium», Мировая культура XVII–XVIII веков как метатекст : дискурсы, жанры, стили., Выпуск 26 // Материалы Международного научного симпозиума «Восьмые

Лафонтеновские чтения». СПб : Санкт -Петербургское философское общество, 2002. – С. 84–86.

8 **Ермоленко, Г. Н.** Эстетическая природа «Сказок» Ж. де Лафонтена [Текст]. / Серия «Symposium», Барокко и классицизм в истории мировой культуры. Выпуск 17 // Материалы Международной научной конференции Санкт-Петербург : Санкт-Петербургское философское общество, 2001. – 59 с.

9 **Lafontaine, Zh.** The Fables of La Fontaine [Text]. – AnyLang, 2013. – 595 p.

10 **Aesop.** Aesop's fables [Text]. – AnyLang, 2014. – 128 p.

11 **Қобланов, Ж.** Шетел әдебиетінің тарихы. 3-кітап [Мәтін]. – Алматы : «Лантар Трейд», 2020. – 491 б.

References

1 **Baityrsynov, A.** Shygarmalary [Works] [Text]. / Ahmet Baityrsynov. – Almaty : «Olke» baspasy, 2013. – 240 p.

2 **Kabdolov, Z.** Soz oneri [The art of the word] [Text]. – Almaty, 2002. – 312 p.

3 **Imangazinov, M. M.** Antika adebieti [Ancient literature] [Text]. – Taldykorgan, 2006. – 253 p.

4 **Radcig, C. I.** Istoriya drevnegrecheckoi literatury [History of Ancient Greek Literature] [Text]. – Moscow, 1974. – 420 p.

5 **Krylov, I. A.** Polnoe sobranie sochinenii [The Complete Works] [Text]. – Moscow : Gos. Izd-vo xudozh. Lit., 2008.

6 **Sir James Frazer.** The golden bough : A study in Magic an Religion [Алтын бұтақ: сиқырлы дінді зерттеу] [Text]. – London Macmillan and Co, 2001. – 756 p.

7 **Ermolenko, G. N.** Tradicii Vozrozhdeniya v «Skazkax» Zh. de Lafontena [Renaissance Traditions in the «Fairy Tales» by J. de La Fontaine] [Text]. / Seriya «Symposium», Mirovaya kultura XVII–XVIII vekov kak metatekst: diskursy, zhanry, stili. Vypusk 26 // Materialy Mezhdunarodnogo nauchnogo simpoziuma «Vosmye Lafontenovskie chteniya». St-Petersburg : Sankt-Peterburgskoe filosofskoe obshhestvo, 2002. – 84–86 p.

8 **Ermolenko, G. N.** Esteticheskaya priroda «Skazok» Zh. de Lafontena [The aesthetic nature of J. de la Fontaine's «Fairy Tales»] [Text]. / Seriya «Symposium», Barokko i klassicizm v istorii mirovoj kultury. Vypusk 17 // Materialy Mezhdunarodnoi nauchnoi konferencii Sankt-Peterburg : Sankt-Peterburgskoe filosofskoe obshhestvo, 2001. – 59 p.

9 **Lafontaine, Zh.** The Fables of La Fontaine [Text]. – AnyLang, 2013. – 595 p.

10 **Aesop**. Aesop's fables [Эзоптың ертегілері] [Text]. – AnyLang, 2014. – 128 p.

11 **Koblanov, Zh.** Shetel әдебиетінің тариху 3-kitap [History of foreign literature. Book 3] [Text]. – Almaty : «Lantar Trejd», 2020. – 491 p.

09.08.23 ж. баспаға түсті.

15.01.24 ж. түзетулерімен түсті.

25.02.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Ж. Т. Кобланов¹, А. О. Абдырова², Т. Ж. Токсанбаева³, А. Т. Жеткізгенова³

¹Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Республика Казахстан, г. Актау;

²Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан, Республика Казахстан, г. Павлодар;

³Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина, Республика Казахстан, г. Астана.

Поступило в редакцию 09.08.23.

Поступило с исправлениями 15.01.24.

Принято в печать 25.02.24.

ЗНАЧЕНИЕ БАСЕН ЖАНА ЛАФОНТЕНА ВО ФРАНЦУЗСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ XVII ВЕКА

Статья посвящена осмыслению значения произведений выдающегося представителя французской литературы Жана Лафонтена. Развитие жанра примера во французской литературе восемнадцатого века рассматривается на основе примеров Жана Лафонтена. Анализируется, что французский писатель в ту эпоху поднял жанр басни на более высокую ступень развития, ясность его реалистического и демократического направления. Путем дифференциации идейной направленности его басен, мастерства писателя в описании персонажей, характерных черт делается попытка оценить критический подход к религиозно-аскетической политике, отрицающей характерные черты писателя в литературе того периода, где народничество на примерах препятствовало духу и реалистическому развитию, враждебно природе и человеческому достоинству, не признавая реальной жизни.

В статье описывается основная природа произведений Жана Лафонтена и излагаются особенности его басен. Анализируются тема и содержание и критические взгляды на примеры писателей. Рассматривается место, структура, уровень развития басен Жана Лафонтена во французской литературе восемнадцатого века, дается описание каждой из них и дифференцируются методы использования.

В статье поднимаются вопросы нравственности, гуманизма, общественных беспорядков и нравственности в жанре басни. В статье также обсуждается влияние произведений Жана Лафонтена на литературу последующих поколений.

Ключевые слова: жанр басни, социальная сатира, гуманистические идеи, реалистический характер, эстетика классицизма.

*Zh. T. Koblanov¹, A. O. Abydyrova², T. Zh. Toksanbaeva³, A. T. Zhetkizgenova³

¹Sh. Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Republic of Kazakhstan, Aktau;

²Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

³Kazakh Agrotechnical University named after S. Seifullin, Republic of Kazakhstan, Astana.

Received 09.08.23.

Received in revised form 15.01.24.

Accepted for publication 25.02.24.

THE SIGNIFICANCE OF JEAN LA FONTAINE'S FABLES IN THE FRENCH LITERATURE OF THE XVIII CENTURY

The article is devoted to the analysis of the significance of the works of Jean Lafontaine, a prominent representative of French literature. The development of the genre of fables in French literature of the seventeenth century is considered on the basis of the fables of Jean Lafontaine. The fact that the French writer in that era raised the genre of fable to a higher stage of development, the clarity of its realistic and democratic orientation is analyzed through his real works. An attempt is made to evaluate the critical attitude of the writer in the literature of that period, which denies his characteristic qualities, hinders the folk spirit and realist development in the fables, is hostile to nature and human dignity, does not recognize real life.

The article describes the main nature of the works of Jean Lafontaine and tells the features of fables. The subject and content and critical points of view in the fables of the writer are analyzed. The place, structure, level of development of Jean Lafontaine's fables in the French literature of the seventeenth century are considered, each of them is characterized and the methods of application are differentiated.

The article raises the problems of morality, humanism, the vices of society and moral issues in the genre of fables. The article also reflected the influence of Jean Lafontaine's works on literature after him.

Keywords: genre of fable, social satire, humanistic ideas, realistic character, aesthetics of classicism.

Теруге 26.02.2024 ж. жіберілді. Басуға 29.03.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,58 МБ RAM

Шартты баспа табағы 28,72. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4201

Сдано в набор 26.02.2024 г. Подписано в печать 29.03.2024 г.

Электронное издание

3,58 МБ RAM

Усл. печ. л. 28,72. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 4201

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz